

**«№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебінің» директоры
Қ.Турсынбекова мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңеске 2023-
2024 оқу жылының І-жарты жылдығына берген есебінің хаттамасы.**

Амангелді ауылы
29.12.2023ж

Қатысқаны – 98

К ү н т ә р т і б і н д е:

1. Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылының І-жарты жылдығына берген есебі
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет.
(ДТЖЖО)
3. Түрлі мәселелер

Т ы ң д а л д ы:

2023-2024 оқу жылының басында мектепте мектепалды даярлық тобында 39 оқушы, 1-11 сыныптарға 705 оқушы білім алады

Қазіргі таңда мектепке 4 турникет орнату жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ мектепте қосымша бейнебақылау камераларымен жабдықталды

Қазақстан Республикасы Президентінің №2 Жарлығын орындау мақсатында 1-4 сыныптарында (бастауышта) 287 оқушы тамақпен қамтамасыз етілуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары бойынша 5-11 сыныптар арасында 30 бала ыстық тамақпен қамтылуда.

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемесінде жалпы 317 бала тегін ыстық тамақпен қамтылуда.

Аз қамтамасыз етілген, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы балаларына оқуға қажетті құрал-жабдықтар мен киім-кешектер әперуге ата-анасының (заңды өкілдерінің) жеке есепшоттарына 40 мың 567 теңгеден (әр балаға) берілді. Сондай-ақ, «Мектепке жол» акциясы аясында кәсіпкерлердің демеушілігімен 12 балаға жәрдем көрсетілді.

Республикалық қоры есебінен – 40 бала қала сыртындағы лагерлерде демалып қайтты.

Сапалы оқыту және өздігінен оқып, білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Сондықтан оқу-әдістемелік жүйесін дамыту қашан да өзекті мәселе.

Осы бағытта аудандағы жетекші мектептер оқу-әдістемелік, ғылыми-практикалық, тәжірибелік әдістемелік қолдау шараларын үздіксіз жүргізеді. НЗМ ДББҰ, ПШО-ның тәртіптемесіне сәйкес PISA, мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу, тапсырмаларды әзірлеу және сараптау, бейін бойынша біліктілік арттыру курстарына жетекші мектептердің мұғалімдері біліктілік арттырды. Мұғалімдер 2023 жылы оқушылардың ғылыми-жаратылыстану және оқу сауаттылығын, сындарлы ойлауын дамыту, креативті ойлауын дамыту бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында» –6 мұғалім;

Педагогикалық шеберлік орталығының базасында –2 мұғалім өз біліктіліктерін арттырды. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, олардың кәсіби және әдістемелік дайындығына байланысты, аудандық әдістемелік кабинеті тарапынан оқу ордаларына тұрақты түрде әдістемелік қолдау көрсетіліп тұрады. Мұғалімдерге көрсетілген әдістемелік қолдаулардың нәтижесінде білім алушылардың жетістігі артып отыр.

«Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» байқауының аудандық кезеңінде 1 оқушы 3-орын алды.

«Республикалық балалар оқулары» байқауының аудандық кезеңінде 1 оқушы 3-орын алды.

8-11 сынып оқушыларына арналған шығармашыл оқушылар арасындағы

«Ақберен» республикалық өнер байқауының І аудандық кезеңінде 2 оқушы 1-орын, 1 оқушы 3-орынға ие болды.

2-7 сынып оқушыларының арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңінен 1 оқушы 1-орын, 1 оқушы 2-орын, 3 оқушы 3-орынға ие болды.

Математика пәнінен 5-6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінен 1 оқушы 2-орын, 3 оқушы 3-орынға ие болды.

Математика пәнінен 3-4 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінен 2 оқушы 3-орынға ие болды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша (9,10,11-сыныптар) республикалық олимпиаданың II аудандық кезеңінен 1 оқушы 3-орынға ие болды.

«Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының»

8-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық «Махамбет оқулары»

байқауынан дарынды оқушымыз Есентай Іңкәр ауданнан бас жүлде, облыстан бас жүлде алып, Атырау қаласына Республикалық кезеңіне қатысып келді.

2022-2023 оқу жылында 9-сыныптардан 60 оқушы бітіріп, 2 оқушы үздік аттестат алды. 11-сыныпта 43 оқушы бітіріп 4 оқушы үздік аттестат алып, ҰБТ дан 100 балдан жоғары жинап ақтады. 43 оқушыдан 32 оқушы ҰБТ тапсырып 5 оқушы 100 балдан жоғары жинады. ҰБТ ға қатысу көрсеткіші 74,4%. Жоғары көрсеткіш. 1-қыркүйек «Білім күні» мерекесіне арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты үлкен көлемде іс-шара өтті.

8-қыркүйек. Республикалық бірыңғай «Дене сергіту» жаттығу чөлденжі өткізілді

«Жер- 2023» Республикалық командалық штабтық оқу жаттығуы. 11- қыркүйек сағат 10:00де мектепшілік «Баршаның назарына» құлақтандыру дабылы іске қосылып, мектеп бойынша жалпыға бірдей сейсмо жаттығу өткізілді.

12-қыркүйек. Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165-жыл толуына байланысты «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасын іске асыру мақсатында ақындар айтысы өтті.

16-қыркүйек күні еліміздің барлық аумақтарында дүниежүзілік тазалық күні «Word Cleanup Day 2023» сенбілік күні өтті.

Келес ауданының білім бөлімі мен аудандық ішкі істер бөлімімен бірге ағымдағы жылы тұрақты түрде түнгі рейдтік іс-шара ұйымдастырылды.

Мектебімізде ата-аналар комитеті, Әкелер мектебі және Ата-аналарды қолдау орталығы құрылып жұмыс атқаруда.

Мектебіміздегі атқарылған барша іс- шаралар әлеуметтік желілерге жарияланып отырды.

Шешім:

Маңызды да өзекті, болып табылатын бала тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуын қадағалансын.

Төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:

А.Аханов

А.Бейсенов

Е.Мырзабеков

Н.Ахжигитов

М.Оңғар